

*А.М. Әміржанова **

*Саясаттану кафедрасының 2 курс докторанты
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Алматы қ. Қазақстан*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ САЙЛАУ ПРОЦЕСІНІҢ ДАМУ ЭВОЛЮЦИЯСЫ: САЯСАТТАНУЛЫҚ ТАЛДАУ

Аңдатпа

Мақалада қазіргі таңда Қазақстанның демократиялану жағдайындағы аса маңызды әрі өзекті мәселелердің бірі болып табылатын өкілді билік органдарының сайлау институты арқылы қалыптасуы мен даму эволюциясы ерекшеліктеріне салыстырмалы талдау жасалды. Қазақстандағы өкілді билікті қалыптастыруда жүргізілген сайлауларды жан-жақты талдап, саяси ғылым тұрғысынан баға беру ғылыми мақаланың негізгі мақсаты. Өйткені, еліміздегі сайлау процесі демократиялық режимге сәйкес заңнамалық реформаларға ұшырап, жетілдірілу барысында бірталай қиыншылықтарға ұшырап, соған қарамастан дамып келеді. Сондықтан мақалада сайлаудың эволюциялық даму барысындағы мәселелері салыстырмалы талдау, кросс-темпоралдық салыстыру әдістері арқылы зерттеліп, даму ерекшеліктері анықталды. Тәуелсіз Қазақстандағы сайлаулар негізінде қалыптасқан өкілді биліктің құрылымы, әсіресе электораттың сайлауға қатысу ерекшелігі, Парламенттің Мәжіліс палатасындағы әйелдер үлесі, партиялар саны, орташа жас көрсеткіші салыстырмалы талданды. Өйткені, жүргізілген сайлаулар өкілді биліктің сапалы қалыптасуының бірден-бір көрсеткіші.

Кілт сөздер. Сайлау, электорат, сайлау жүйесі, Парламент, саяси қатысу, саяси партиялар, демократия.

*Амиржанова А.М. **

*докторант 2 курса кафедры политологии
Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева
г. Алматы, Казахстан*

ЭВОЛЮЦИЯ РАЗВИТИЯ ИЗБИРАТЕЛЬНОГО ПРОЦЕССА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН: ПОЛИТОЛОГИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ

Аннотация

В статье дается сравнительный анализ особенностей эволюции формирования и развития представительных органов через институт выборов, что является одним из важнейших и актуальных вопросов в условиях демократизации в современном Казахстане. Основная цель научной статьи - проанализировать выборы при формировании представительной власти в Казахстане с точки зрения политологии. Это связано с тем, что избирательный процесс в стране развивается в соответствии с демократическим режимом, претерпевает законодательные реформы и трудности в совершенствовании. Таким образом, в статье рассматриваются вопросы эволюционного развития выборов методами сравнительного анализа, кросс-темпорального сравнения и выявляются особенности развития. Сравнивалась структура представительного правительства, сформированного на основе выборов в независимом Казахстане, особенности участия электората в выборах, доля женщин в Мажилесе, количество партий, средний возраст. Выборы являются одним из основных показателей при формировании представительной власти.

Ключевые понятия. Выборы, электорат, избирательная система, парламент, участие в политической жизни, политические партии, демократия.

А.М. Amirzhanova ^{1}*

¹doctoral Student, Department of Political Science

¹ Lev Gumilev Eurasian National University

Nur-Sultan, Kazakhstan

EVOLUTION OF DEVELOPMENT OF THE ELECTION PROCESS OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN: POLITICAL ANALYSIS

Abstract

The article provides a comparative analysis of the evolution features of the formation and development of representational bodies through the institution of elections, which is one of the most important and urgent issues in the context of democratization in modern Kazakhstan. The main purpose of the scientific article is to analyze the elections in the formation of representative authority in Kazakhstan from the standpoint of political science. This is related to the fact that the electoral process in the country is developing in accordance with the democratic regime, undergoing legislative reforms and difficulties in improving. Thus, the article examines the issues of the evolutionary development of elections by the methods of comparative analysis, cross-temporal comparison, and identifies the features of development. Also, the structure of a representative government formed on the basis of elections in independent Kazakhstan, the peculiarities of the participation of the electorate in elections, the proportion of women in the Mazhilis, the number of parties, and the average age were compared. Elections are one of the main indicators in the formation of representative power.

Key concepts. Elections, electorate, electoral system, Parliament, political participation, political parties, democracy.

Кіріспе. Қазақстан Республикасының 1995 жылғы Конституциясы мемлекеттік билікті ұйымдастырудың негізгі қағидаты ретінде ерікті сайлауды, егемендіктің және мемлекеттік биліктің қайнар көзі – халық екенін анықтады [1,3].

Өзінің демократиялық жолын таңдаған кез-келген мемлекет үшін сайлаудың маңызы зор. Өкілді билікті қалыптастырушы құрал ретінде сайлау демократиялық режимнің басты белгісі болып табылады. Мемлекеттің қалыптасу жолында сайлау институты да жаңарып, дамып отырады. Сондықтан, әр кезеңде зерттелген сайлау мәселелері уақыт өте өзектілігін жоғалтып, оны жаңаша талдауды қажет етіп отырады. Өйткені, жаһандану жағдайында ғылым мен техниканың даму барысы сайлауды ұйымдастыру мен жүргізудің жаңа технологиялары мен әдістерін талап етеді. Демек, сайлау процесі үнемі өзгеріп, жаңарып отыратындықтан оны саяси ғылымдар тұрғысынан жаңа қырынан талдауды, зерттеуді қажет ететін өзекті мәселе ретінде қарастыруға болады. Сондықтан, ғылыми мақалада Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алған жылдарынан бергі сайлау процесінің даму эволюциясы талданады.

Мақсаты. Қазақстан Республикасының сайлау институтының қалыптасуы мен даму эволюциясын салыстырмалы зерттеу арқылы қазіргі кездегі мүмкіндігін анықтап, болашақ дамуына талдау жасау.

Міндеті. Сайлау процесі уақыт талабына және жаһандық даму ерекшелігіне байланысты үнемі өзгеріп, жаңарып отыратын процесс. Сондықтан осы мәселені жан-жақты талдап, ғылыми қорытынды алу үшін автор зерттеу мақаласының алдына бірнеше міндеттерді қояды.

- Сайлау процесінің эволюциялық даму кезеңдерін сайлау жүйесін жетілдірудің реформаларын талдау арқылы ұсынылып отырған гипотезаны дәлелдеуге тырысу.

- Сайлау қорытындыларына сүйене отырып, Парламенттің мәжіліс палатасының өкілді билік ретіндегі құрылысын салыстырмалы талдау арқылы артықшылығы мен кемшілігін анықтап, тиімді ұсыныстарды ұсыну.

- 2021 жылы 10-қаңтарда өткен сайлаудың ерекшеліктерін, яғни Сайлау туралы Заңға өзгерістерін, соңғы сайлаудың қорытындыларын талдап, сайлау процесінің ерекшелігін анықтап, болжам жасау.

Негізгі ұсынылатын ғылыми гипотеза сайлау институты үнемі өзгеріп, жаңарып отыратын процесс, сондықтан оның мәселелерін терең зерттеу үшін, оның даму эволюциясына мән беріп

салыстырмалы талдау тиімді. Сонда ғана сайлаудың өзекті мәселелерін анықтап, ғылыми қорытынды жасап, ұсыныстар беруге болады.

Концептуализация. Саясаттану ғылымында сайлау мәселелерін зерттеу батыста да және посткеңестік кеңістікте де қазіргі уақытта кеңінен жүргізілуде. Сайлау институттары көне заман ойшылдары үшін негізгі зерттеу объектісі болып табылған. Платон және Аристотель өз еңбектерінде билікке жетудің жолдары жайлы зерттеуге тырысқан. Ал, билік институттары легитимділігінің қалыптасуы жаңа заманның үлесінде. «Келісім шарт» теориясына негізделген мемлекеттің пайда болу теориясы қалыптасты. Т. Гоббс [2,83], Дж. Локк [3,78], Ж.Ж. Руссо [4,75] сайлау мәселесін халық өкілдігі билігі туралы ойларымен байланыстырған. Халықтың сайлауға қатысуы туралы мәселелерді қазақ ойшылдары да өз зерттеулерінде қарастырған. Атап айтсақ, Абай Құнанбаев, Шоқан Уәлиханов, Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов еңбектерінен биліктің сайлау арқылы қалыптасуының жағымды және келеңсіз жақтарын көруге болады. Демократиялық сайлаулардың билікті қалыптастырудағы рөлін өз зерттеулерінде Р. Даль [5,156], А. Токвиль [6,554], А.Лейпхарт [7,287], Дж.Сартори [8,89], К.Поппер [9,528], С.Хантингтон [10,48] қарастырған. Е.К. Ертісбаев[11,460], Ш.А. Құрманбаева[12,24] қазақ-стандық саяси ғылымда сайлау мәселесін көтерген алғашқы еңбектер болғандықтан, ол зерттеу жұмыстары өте құнды жаңалық болып табылады. Сайлау жүйесінің уақыт талабына сай, өзгеріп, демократиялық институт ретіндегі өкілді билікті қалыптастырудағы рөлінің кеңеюі аталған мәселені терең зерттеуді қажет етеді.

Әдіснамасы. Мақаланың ұсынылып отырған гипотезасын дәлелдеу мақсатында эмпирикалық зерттеу әдістері қолданылды. Статистикалық мәліметтер графикаға айналдырылып, салыстырмалы талдау жүргізілді. Салыстырмалы талдаудың негізінде қазақстандық сайлаулар барысының мәселелерінің кемшілігі анықталып, артықшылықтары көрсетілді. Зерттеудің нәтижесінде ғылыми қорытынды жасалып, еліміздің сайлау жүйесінің жетілдірілу жолдары ұсынылды.

Сайлау процесінің эволюциялық дамуын талдау: мәселелері, жетілдіру жолдары

Мемлекеттік органдарға сайлау әр қоғамда белгіленген ережелер - сайлау жүйелері бойынша өткізіледі. Белгілі бір сайлау жүйесін таңдау мемлекетте орын алған саяси режимге байланысты.

Қазақстанда парламент депутаттарын сайлауға байланысты жұмыс істейтін қазіргі заманғы сайлау жүйесінің қалыптасуы 1995 жылы 30 тамызда бүкілхалықтық референдум арқылы Қазақстан Республикасының Конституциясын қабылдаумен тығыз байланысты. Конституцияның маңызды ережелерінің бірі - Парламентті жалпыға бірдей, тең және тікелей сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы сайланатын екі палаталы Мәжіліс депутаттары мен Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларының, облыстардың, аудандар мен қалалардың мәслихаттары депутаттары жанама дауыс беру арқылы сайлайтын Сенат депутаттарын сайлау болды. Қазақстан Республикасының 1995 жылғы Конституциясы мемлекеттік билікті демократиялық режим қызметіне сәйкес қалыптастырудың нақты қадамы ретінде бағалауға болады. Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы саяси және институционалдық жүйенің өзгеруіне және бұрынғы сайлау жүйесі мен сайлау заңнамасын реформалауға алып келді. Сол кездегі сайлау жүйесінің толық бейнесін беретін сайлау заңнамасы негізінен Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 1995 жылғы 28 қыркүйекте «Республикадағы сайлау туралы» конституциялық заң күші бар Жарлығымен ұсынылды.

Мемлекеттегі сайлау процесін ұйымдастыратын «Республикадағы сайлау туралы» Заңына дейінгі сайлаулар КСРО-да орныққан саяси жүйенің заңнамалық тәртібіне негізделіп жүргізілді. 1988 жылы 1977 жылғы Конституцияға өзгертулер мен толықтырулар енгізілді, олардың мәні сайлау құқығының ережелерін реформалауда болды. Кандидаттар баламалығы институты енгізілді, ал 1989 жылы КСРО сайлау жөніндегі науқанның айрықша белгісі жариялылық болды. Яғни, сайлаулардағы алғашқы демократиялану процесі жүре бастады.

1989 жылғы 27 қыркүйекте «Қазақ ССР халық депутаттарын сайлау туралы» және «Қазақ ССР-нің жергілікті Кеңес депутаттарын сайлау туралы» заңдар қабылданды.

1990 жылғы 25 наурызда XII шақырылған Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесіне алғашқы демократиялық сайлаулар өткізілді. 360 депутаттық мандатқа сайлау алдындағы күресте екі мыңнан аса кандидат қатысты. Республика бойынша дауыс беруге сайлаушылардың 84%-ы келді.

Президент сайлауы Қазақстанның барлық азаматтарының құпия дауыс беруі арқылы жалпыға бірдей тікелей сайлау 1991 жылғы 16 қазандағы «Қазақ ССР Президентін сайлау туралы» Заңда

айқындалды. Сонымен алғашқы демократиялық реформалар Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін алумен қатар жүргізіле бастады. Сонымен қатар, «Қазақстан Республикасы Сайлау туралы» Заңы қабылданғанға дейін «Қазақ ССР халық депутаттарын сайлау туралы» кодексіне сәйкес жүргізілді.


Сайлау процесінің заңнамалық жетілдірілуінің келесі қадамы 1998 жылы қазанда еліміздің Негізгі Заңына ҚР Парламентінің өкілеттік мерзімдері мен Мәжіліс депутаттарының санына қатысты түзетулердің енгізілуі. Мәжілістің өкілеттік мерзімі 5 жылға, ал сенаттың өкілеттік мерзімі - 6 жылға дейін ұзартылды, мәжіліс депутаттарының саны 67-ден 77-ге дейін өсті. Яғни, осы кезеңде Саяси партияларға тең өкілдік 67 депутат өзін-өзі ұсыну, 10 партиялық тізім бойынша сайлану құқығы енгізіліп, саяси партиялардың азаматтық қоғам институты ретіндегі рөлінің артуына жол берілді.

Сонымен бірге, сайлау процесінің ұйымдастырылуы да әртүрлі жаңашылдықты тәжірибеде сынаудан өткізілді. Атап айтатын болсақ, 2004 ж. электронды сайлау жүйесі енгізілуі.

2004-2007 жылдар сайлау заңнамасын либерализациялауға бағытталған кезең болды. Кезеңнің ерекшелігі - сайлау жүйесінің функционалдық параметрлерінің жақсаруы, демократиялық талаптарға сәйкес сайлау заңнамасының халықаралық стандарттарына жақындауы болды.

Конституциялық реформаның салдарынан туындаған сайлау жүйесінде сапалы жаңа өзгерістер 2007 жылы болды. Ол бүкіл сайлау жүйесінің өзгерісіне ықпал етті. Жаңа өзгерістерге сәйкес, Парламенттің төменгі палатасы пропорционалдық сайлау жүйесі бойынша 98 депутат партиялық тізім бойынша, 9 депутат ҚХА-нан сайланатын болды [13].

Қазақстан Республикасының сайлау жүйесінің жетілдірілуі мақсатында тиімді өзгерістер орын алуда. 2009 жылғы реформаға сәйкес, 7-пайыздық кедергіні еңсермеген жағдайда да Парламент кемінде екі саяси партиядан тұруы қажет [14]. Яғни, сайлау нәтижесінде қалыптасқан Парламенттің құрамының сапалық ерекшелігіне мән беру тұрғысынан қарастыратын болсақ, тиімді реформалық өзгерістер байқалады. 10 қаңтарда мәслихаттарға сайлау алғаш рет партиялық тізім бойынша жасақталды. Соңғы өзгерістер сайлау жүйесінің демократиялық жетістігін көрсетеді.




Сурет-1 ҚР Парламенті Мәжілісінің саяси партиялық құрамы

Ұсынылып отырған кестеден Парламент Мәжілісінің саяси партиялық құрамы көрсетілген. Салыстырмалы талдаудан анықталғандай, 2007-2011 жылғы 4-ші сайланым бір ғана партиядан тұрған. Сәйкесінше 2009 жылғы өзгерістерге байланысты, Парламент кем дегенде екі саяси партиядан тұруы принципінің орындалғаны байқалады. Бесінші, алтыншы сайланым құрамы «Nur

Отан», «Ақ жол», «Қазақстан Коммунистік Халық партияларынан» тұрды. Соңғы жетінші сайланым құрамы «Nur Otan», «Ақ жол», «Қазақстан Халық партиясы» саяси партияларынан тұрды. Сайлау алдында Қазақстан Коммунистік Халық партиясы ребрендинг жасап, өз атауларын «Қазақстан Халық партиясы» өзгертті [15].

2018 жылы Парламент «Сайлау туралы» конституциялық заңға саяси партиялардың партиялық тізім бойынша сайланған мәслихаттар депутаттығына кандидаттарды ұсыну құқығын қамтамасыз ететін түзетулерді мақұлдады.

Жоғарыдағы талданған реформалар қазақстандық сайлау жүйесінің тиімді реформалануының көрсеткіші. Тәуелсіздік алған жылдардан бастап, жүргізілген реформалар Қазақстан Республикасының өкілді билік институттарын қалыптастыратын сайлау жүйесінің біршама демократиялық стандарттарға сай жетілдірілгенін көрсетеді. 2021 жылғы 10-қаңтарда өткізілген Мәжіліс сайлауы соңғы 16 жылда бірінші рет мерзімінен бұрын емес, конституциялық мерзімінде өткізілді. Парламенттік оппозиция институты енгізілуі өкілді биліктің шешім қабылдауы барысындағы бәсекелестікті қалыптастырып, тиімді шешім қабылдауды қамтамасыз етеді. Мәжілістегі тұрақты комитеттердің бірінің төрағасы, екеуінің хатшысы, бір сессия кезінде кем дегенде бір рет парламенттік тыңдау өткізіп, екі үкіметтік сағаттың тақырыбын бекіте алады. Тұңғыш рет әйелдер мен жастарға 30 проценттік квота енгізілді.




Сурет-2

Парламент мәжілісіндегі әйелдер үлесі жоғарыдағы суретте көрсетілгендей, әрбір сайланым сайын көбейіп келеді. 1995 жылғы сайлаудың нәтижесінде алғашқы сайланымда әйелдер үлесі 13,40%-ды көрсетсе, 1995 және 2004 жылғы сайлаулар нәтижесінде әйелдер небәрі 10 %-ды құрады. Әрине бұл Парламент Мәжілісі тарихындағы ең төменгі көрсеткіш болды. Ал, 2007 жылғы сайланымнан бастап, көрсеткіш үлесі көтеріле бастады. 2007 жылы 18,19%, 2012 жылы 24,20%-ға дейін өсті. 2016 жылы 27%-ды көрсетсе, соңғы 2021 жылғы сайлаудың нәтижесінде Парламент Мәжілісіндегі әйелдер үлесі 28,80%-ға жетті. Бұл көрсеткіш Мәжілістегі әйелдер үлесінің өскенін көрсетеді [16].

Жалпы әйелдердің Парламент мәжілісіне сайлаулары негізінде қалыптасқан құрылымындағы әйелдер үлесін көбейту мақсатында соңғы өзгерістерге сәйкес 30 пайыздық квота енгізілуі біршама жағдайды өзгертті.

Демократиялық сайлау – халықтың азат еркін анықтайтын және оны жүзеге асыруға жетектейтін саяси құрал. «Біз – Қазақстан халқы» деген қағиданы тек ашық, адал, таза, демократиялық сайлау нәтижесінде нақты мазмұнмен толтыруға мүмкіндік бар. Әділ сайлаулар биліктің классикалық түрде үшке бөлінуін қамтамасыз етіп, қоғамдағы билік әрекетінің тежемелік, тепе-теңдік принципін іске асырады.

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің қалыптасу эволюциясына тоқтала отырып, өкілді орган ретінде сайлану ерекшелігіне саяси талдау жүргізсек, оның қазіргі күнгі қалыптасу ерекшелігі мен мәселелері анықталады. Сайлау арқылы қалыптасуының басты талабы электораттың қатысу көрсеткіші. Қаншалықты халық сайлаудағы өздерінің саяси құқықтарын түсінеді соған байланысты өкілді биліктің қалыптасуына әсер етеді.




Сурет-3

Сонымен Қазақстан Республикасы Мәжілісіне сайлауға электораттың қатысуы көрсеткішіне мән беретін болсақ, бірінші сайланымда біршама қатысу көрсеткіші жоғары, яғни 79,80% болды. 1999 және 2004 жылдар халықтың өатысу көрсеткіші төмендеді, ол 62,50 және 56,49%, ал, ең жоғары халықтың қатысуының көрсеткіші Парламент Мәжілісінің 4-ші сайланымында яғни, 92,58% -ға дейін көтерілді. 2007 және 2012 жылдары 75 пайыздан жоғары көрсеткішті байқауға болады. 2021 жылы 1999 жылғы сайланымға сәйкес 63,30% электораттың сайлауға келгенін көруге болады[17].

Сонымен демократиялық сайлаулар талабының негізгі принциптерінің бірі электораттың сайлауға келіп, өз қалаулары бойынша таңдауларын жасауы. 2021 жылғы 10 қаңтардағы сайлаудағы қатысудың басқа жылдармен салыстырғанда төмен болуының бірден-бір себебі бүкіл әлемдегі COVID-19-ға байланысты орын алған пандемия жағдайы. Халықтың көпшілігі денсаулықтарына және аурудың алдын алу мақсатына байланысты қатыса алмады.

Сонымен бірге, сайлау мәселесін зерттеушілердің көтеріп жүрген өзекті мәселелерінің бірі сайлаулар негізінде Парламент Мәжілісі құрамының өзгерісі, яғни жастар үлесі. Өйткені, үлкен жастағы адамдарға қарағанда қазіргі ғылым мен техниканың жылдам қозғалысы жағдайында өзгерістерді жылдам қабылдап, шешім қабылдай алатын жастардың өкілді билік органдарынан көбірек орын алуы тиімді. 2021 жылғы сайлаудағы басты жаңалықтардың бірі Парламент Мәжілісіндегі жастардың санын 30 %-ға дейін көтерілуі. Осыған байланысты мәжілістің бірінші сайланымынан бастап, заң шығарушы органдағы жастардың сандық үлесі салыстырмалы талданды.



Сурет-4

Кестеге назар аударатын болсақ, ҚР Праламенті Мәжілісі депутаттарының орташа жас мөлшері көрсеткіші біршама жасарған. Атап айтатын болсақ, 2004 жылғы Парламент Мәжілісінің орташа жасы 53-ті құраса, 2007 және 2012 жылдардағы 4 және 5-ші сайланымдарда орташа жас мөлшері өсіп, 56 жасты көрсетті. 6-ші сайланымда 55 жас, ал, соңғы өзгерістерге байланысты орташа жас мөлшері 46 жас болып кеміді. Сондықтан, өкілді органның орташа жасын жасарту жөніндегі шешім сайлау барысында 30 пайыздық квотаны сақтау принципі тиімді [18].

Сондықтан, еліміздің сайлау жүйесінің эволюциялық жолмен реформалана отырып, жетілдірілуі жалпы қоғамның келісімді дамуының мүмкіндігі екені талдау барысында анықталды. Өсіресе соңғы өзгерістер сайлау жүйесіне тиімді өзгерістер әкелгені сөзсіз.

Қорытынды. Қазақстан Республикасының демократиялық даму жолы сайлау процесінің әділ, өткізілуімен тікелей байланысты екені қарастырылды. Егер халық өзінің қалауымен таңдаған саяси партиясына дауыс беретін болса, кәсіби Парламент азаматтық қоғам институттарының қалаған заңдарын талқылап, әділ шешімдер қабылдап, тиімді заңдарды шығаратыны сөзсіз. Әділ сайлаулар нәтижесінде құрылған өкілді орган азаматтық қоғам талабын қанағаттандыра алатындай жұмыс жасайтындай жағдайда болса, еліміздегі әртүрлі наразылық жағдайлардың да алдын алу мүмкіндігі жоғарылайды.

Талдау барысындағы эмпирикалық зерттеудің нәтижесіне сүйене отырып, төмендегі қорытынды алынды:

- Сайлау процесінің эволюциялық даму кезеңдері талданып, заңнамалық реформалануының тиімділігі қарастырылды. Яғни, зерттеу барысында сайлау жүйесін жетілдіруінің нәтижесі ретінде Парламенттің Мәжіліс палатасындағы әйелдер үлесінің артуы, саяси партиялардың әркелкілігі оның плюралистік сипатының дамып отырғаны анықталды.

- 2021 жылы 10-қаңтарда өткен сайлаудың ең басты ерекшеліктері ретінде Парламенттік оппозиция институты енгізіліп, Мәжілістегі тұрақты комитеттердің бірінің төрағасы, екеуінің хатшысы, бір сессия кезінде кем дегенде бір рет парламенттік тыңдау өткізіп, екі үкіметтік сағаттың тақырыбын бекіте алуы, әйелдер мен жастарға 30 проценттік квотаның енгізілуі отандық сайлау жүйесі дамуының басты қадамы ретінде анықталды.

Сондықтан, еліміздің сайлау жүйесі үнемі жаһандану жағдайына сәйкес, дамып, жетілдіріліп отыратын динамикалық процесс ретінде қарастырылып, азаматтық қоғам мен билік институттарының тиімді қатынаста жұмыс атқарып, мемлекеттің эволюциялық дамуына тікелей ықпал ететін институт ретінде қарастырамыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. I бөлім, 3 – бап. – Алматы. 2007. – 3 б.
2. Гоббс Т. Қоғамдық келісім туралы / Аударған М.Ө. Иманбаев. – Алматы: Паритет, 2004. – 277 б.

3. Локк Дж. Два трактата о правлении // Соч.: В 3-х томах. / Ред. Н.С. Нарский, А.Л. Субботин; АН СССР, ин-т философии. – М., 1985. – Т. 3. – 668 с.
4. Руссо Жан-Жак. Об общественном договоре. Трактаты / Пер. С фр. / Центр фундаментальной социологии. – М., 1998. – 416 с.
5. Даль Р. Введение в теорию демократии. – М.: Наука, 1992. – 156 с.
6. Токвиль А. Демократия в Америке. – М.: Прогресс, 1992. – 554 с.
7. Лейпхарт А. Демократия в многосоставных обществах: сравнительное исследование. – М.: Аспект Пресс, 1997. – 287 с.
8. Сартори Дж. Вертикальная демократия // Полис. – 1993. № 2. – С. 80 – 89.
9. Поппер К. Открытое общество и его враги. Чары Платона. / под ред. В.Н. Садовского. – М.: Феникс, 1992. – Т. 1. – 528 с.
10. Хантингтон С. Столкновение цивилизации // Полис. – 1994. № 1. – С. 33 – 48.
11. Ертысбаев Е.К. Генезис выборной демократии в современном Казахстане: проблемы и перспективы. 1990-2000. – А.: Қазақ университеті, 2000. – 460 с.
12. Құрманбаева Ш.А. Сайлау технологиялары: 2004 жылғы парламент сайлау тәжірибесінен // Әл-Фараби атындағы Қаз ҰУ Хабаршысы, Философия сериясы. Саясаттану сериясы. Мәдениеттану сериясы. – Алматы, 2005. №2 (22). – 21-24 бб.
13. «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 19 маусымдағы N 268 Конституциялық Заңы [Электронный ресурс] – 2021. – URL:<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000268/history> (дата обращения: 30.03.2021)
14. «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 9 ақпандағы N 124-IV Конституциялық заңы [Электронный ресурс] – 2021. – URL:<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z090000124> (дата обращения: 20.03.2021)
15. Информация о прошедших избирательных кампаниях [Электронный ресурс] – 2021. – URL:<https://www.election.gov.kz/rus/> (дата обращения: 25.03.2021)
16. Выборы депутатов Мәжіліса Парламента Республики Казахстан [Электронный ресурс]– 2021.– URL:<https://www.election.gov.kz/rus/> (дата обращения: 25.03.2021)
17. Центральная избирательная комиссия РК[Электронный ресурс]–2021.– URL:<https://www.election.gov.kz/rus/informatsiya-o-vyborakh-i-referendumakh-v-rk/informatsiya-o-proshedshikh-izbiratelnykh-kampaniyakh/> (дата обращения: 25.03.2021)
18. Выборы депутатов Мәжіліса Парламента Республики Казахстан [Электронный ресурс]– 2021.– URL:<https://www.election.gov.kz/rus/> (дата обращения: 30.03.2021)

References

1. Qazaqstan Respublikasynyn Konstituciyasy. I bolim, 3 – bap. Almaty – 2007 – 3 b.
2. Gobbs T. Qogamdyq kelisim turaly / Audargan M.O. Imanbaev. – Almaty: Raritet, 2004. – 277 b.
3. Lокk Dzh. Dva traktata o pravleni // Soch.: V 3-h tomah. / Red. N.S. Narskij, A.L. Subbotin; AN SSSR, in-t filosofii. – M., 1985. – T. 3. – 668 s.
4. Russo Zhan-Zhak. Ob obshchestvennom dogovore. Traktaty / Per. S fr. / Centr fundamental'noj sociologi. – M., 1998. – 416 s.
5. Dal' R. Vvedenie v teoriyu demokrati. – M.: Nauka, 1992. – 156 s.
6. Tokvil' A. Demokratiya v Amerike. – M.: Progress, 1992. – 554 s.
7. Lejphart A. Demokratiya v mnogostavnyh obshchestvah: sravnitel'noe issledovanie. – M.: Aspekt Press, 1997. – 287 s.
8. Sartori Dzh. Vertikal'naya demokratiya // Polis. – 1993. № 2. – S. 80 – 89.
9. Popper K. Otkrytoe obshchestvo i ege vragi. CHary Platona. / pod red. V.N. Sadovskogo. – M.: Feniks, 1992. – T. 1. – 528 s.
10. Hantington S. Stolknovenie civilizaci // Polis. – 1994. № 1. – S. 33 – 48.
11. Ertysbaev E.K. Genезis vybornoj demokrati v sovremennom Kazahstane: problemy i perspektivy. 1990-2000. – А.: Qazaq universiteti, 2000. – 460 s.

12. Qurmanbaeva Sh.A. Sajlau tekhnologiyalary: 2004 zhylgy parlament sajlau tazhibesinen // Al-Farabi atyndagy Qaz UU Habarshysy, Filosofiya seriyasy. Sayasattanu seriyasy. Mädeniettanu seriyasy. – Almaty, 2005. №2 (22). – 21-24 bb.

13. «Qazaqstan Respublikasyndagy sajlau turaly» Qazaqstan Respublikasynyn Konstituciyalyq zanyna ozgerister men tolyqtyrular engizu turaly Qazaqstan Respublikasynyn 2007 zhylgy 19 mausymdagy N 268 Konstituciyalyq Zany [Elektronnyj resurs] – 2021. – URL:https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000268_/history (data obrashcheniya: 30.03.2021)

14. «Qazaqstan Respublikasyndagy sajlau turaly» Qazaqstan Respublikasynyn Konstituciyalyq zanyna ozgerister men tolyqtyrular engizu turaly Qazaqstan Respublikasynyn 2009 zhylgy 9 aqbandagy N 124-IV Konstituciyalyq zany [Elektronnyj resurs] – 2021. – URL:https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z090000124_ (data obrashcheniya: 20.03.2021)

15. Informaciya o proshedshih izbiratel'nyh kampaniyah [Elektronnyj resurs] – 2021. – URL:<https://www.election.gov.kz/rus/> (data obrashcheniya: 25.03.2021)

16. Vybory deputatov Mazhilisa Parlamenta Respubliki Kazahstan [Elektronnyj resurs]–2021.– URL:<https://www.election.gov.kz/rus/> (data obrashcheniya: 25.03.2021)

17. Central'naya izbiratel'naya komissiya RK [Elektronnyj resurs]–2021.– URL:<https://www.election.gov.kz/rus/informatsiya-o-vyborakh-i-referendumakh-v-rk/informatsiya-o-proshedshikh-izbiratelnykh-kampaniyakh/> (data obrashcheniya: 25.03.2021)

18. Vybory deputatov Mazhilisa Parlamenta Respubliki Kazahstan [Elektronnyj resurs]–2021.– URL:<https://www.election.gov.kz/rus/> (data obrashcheniya: 30.03.2021)